

департаменті атынан _____

(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты)

және _____

мекен-жайдағы қызметтікке теңестірілген тұрғын үйде тұрып жатқан сатып алушы:

(қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты оның төлқұжат деректері,

қашан және кім берген, нөмірі,

оның қызметі және республикалық бюджет

есебінен ұсталатын мемлекеттік органның атауы)

осы шартты мына төмендегілер туралы жасасты:

1. Сатушы сатады, ал сатып алушы өзімен бірге тұрақты тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің, оның ішінде отбасының уақытша жоқ мүшелерінің келісімімен

(жұбайының тегі, аты, әкесінің аты)

(ордерге сәйкес балалардың және басқа да

отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты)

өзіне ордерге сәйкес 199__ жылғы "___" _____ берілген Астана қаласындағы _____

_____ мекен-жайда орналасқан, _____ бөлмеден тұратын, жалпы пайдалы алаңы _____ шаршы м., тұрғын алаңы _____ шаршы м., қызметтікке теңестірілген жайлы пәтерді ортақ бірлескен меншікке сатып алады.

2. Сатылатын пәтердің баланстық құны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Астана қаласы және Ақмола облысы бойынша жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің "Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық" МК-ның 1998 жылғы "___" _____ N _____ анықтамасы бойынша _____ теңгені құрайды.

3. Республикалық бюджет есебінен ұсталатын және Астана қаласына қоныс аударған мемлекеттік орталық органның қызметкері, мемлекеттік органдардың орталық аппараттарының Тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комиссиялары тұрғын үй беру жөніндегі шешім қабылдаған сәттен бастап, аталған мемлекеттік органда немесе басқа мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметте, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 мамырдағы N 623 қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметтерде кемінде екі жыл жұмыс істеуге міндеттеме алған жағдайда, сатушы пәтерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 377-26қ қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес _____ АҚШ долларына баламды _____ теңгеге (сомасы цифрмен және жазбаша көрсетіледі) сатып алушының меншігіне береді.

Тұрғын үй сатып алу кезінде еңбек шартын жасасу жөніндегі міндеттеме Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен тағайындалатын лауазымды адамдарға қолданылмайды.

Қызметкер мемлекеттік орган мен мемлекеттік орталық органның қызметкері арасында жасалған Келісім-шартта бекітілген, аталған мемлекеттік органда немесе басқа мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметте, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 мамырдағы N 623 қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметтерде міндеттеме алған белгіленген мерзім бойы жұмыс істеу міндеттемесін бұзған кезде, не ол еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыстан босатылған кезде тұрғын үйді сатып алуоның баланстық құны бойынша жүргізіледі.

Бұл шарт қызметкердің міндеттемені өз кінәсінен емес, атапайтқанда:

- 1) мемлекеттік орган таратылған, қызметкерлердің саны немесештаты қысқартылған;
- 2) жұмысын жалғастыруға кедергі келтіретіндей науқастануына байланысты;
- 3) зейнеткерлікке шығуына байланысты;
- 4) мемлекеттік қызметші отставкаға кеткен;
- 5) заң актілерінде көзделген өзге жағдайларда орындамаған реттерде қолданылмайды.

Сонымен қатар бұл шарт қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан қызметкерлердің отбасына қолданылмайды.

4. Сатып алушы 3-тармақта көрсетілген соманы мына есеп айырысушотына төлейді _____

(оператор банк көрсетілсін)

5. Иеліктен алынатын пәтер осы шарт жасасқан сәтте мемлекет меншігі болып табылады, ешкімге сатылмаған, кепілге берілмеген, дау нысанасы болып табылмайды және сот арқылы тұтқындалмаған.

6

7. Сатып алынған пәтерге билік жасау құқығы сатып алушыда осы шарттың 3-тармағында көрсетілген жағдайлар туғанда және осы шарт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Астана қаласы және Ақмола облысы бойынша жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің "Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық" МК-да тіркелгенде пайда болады.

8. Осы шарт сатып алушы, сатушы және жылжымайтын мүлікті тіркеу органы үшін 3 дана етіп жасалды.

Қызметкер бюджеттік несиені ресімдеген кезде агент банк үшін тұрғын үй сатып алу шартының қосымша (төртінші) данасы жасалады.

9. Осы шарт сатып алатын тұрғын үйі үшін ақша "Жаңа астана" қорының шотына түскеннен кейін күшіне енеді.

С а т у ш ы

С а т ы п а л у ш ы

М.Ө. қолы қолы

ЕСКЕРТУ. 9-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.08.04. N 738 қаулысымен. P980738

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ алып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.08.27. N 810 қаулысымен. P980810

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.11.11. N 1148 қаулысымен. P981148

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді, 8-тармақ 2-абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.12.22. N 1317 қаулысымен. P981317

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.27. N 567 қаулысымен. P010567